

**Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжі»
педагогикалық кеңестің
ХАТТАМАСЫ №5**

2025 жыл 29 сәуір

Шымкент қаласы

Өтілген орны: колледж АКТ залы

Өтілген уақыты: 17:00

Хатшысы: Д.Балабекова

Қатысқандар: Политехникалық колледж оқытушылары мен қызметкерлері

Күн тәртібінде:

№4 педагогикалық кеңесте қабылданған қаулылардың орындалуы туралы

1. Қазіргі таңдағы тәрбие жұмыстарындағы өзекті мәселелер бойынша жұмыстары

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Э.Садыкова

2. Бітіруші түлектердің дипломдық жобаларды қорғауға дайындық туралы. 2025-2026 оқу жылына үміткерлерді қабылдау жоспарының (кәсіби бағдар беру жұмыстарының) орындалу барысы туралы

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары М.Арынбаев

3. Кәсіптік бағдар беру жұмысы – колледж контингентін қалыптастыру

Қабылдау комиссиясының хатшысы Е.Н.Досжанов

4. Оқу әдебиетімен толықтыру бойынша кітапхана жұмысы. Мемлекеттік тілде әдебиеттер сатып алу.

Кітапхана меңгерушісі Адасханова Ұ.

Тыңдалды:

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Э.Садыкова сөз алды. Ол өз сөзінде қазіргі таңдағы тәрбие жұмысының өзекті мәселелері мен оны жүзеге асыру жолдарына тоқталды. Бүгінгі тәрбие жұмысы – тек ақпараттық-түсіндіру шаралары емес, жастардың бойында азаматтық белсенділік, рухани-адамгершілік құндылықтар, құқықтық сана мен мәдениеттілік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталғанын атап өтті. Колледжде осы бағытта бірқатар нақты іс-шаралар жүзеге асырылды. Атап айтқанда, «Адал ұрпақ» еріктілер клубының жұмысы жанданып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға арналған арнайы жоспарға сәйкес пікірсайыстар, ашық тәрбие сағаттары және бірнеше бағыт бойынша байқаулар ұйымдастырылды. «Саналы ұрпақ» жобасы аясында құқықтық тақырыптарда дөңгелек үстелдер мен танымдық кездесулер өткізілді. Білім алушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында спорттық жарыстар, шығармашылық үйірмелер, волонтерлік бастамалар мен қайырымдылық акциялары жүйелі түрде қолға алынды. Сонымен қатар, тәрбие бөлімі үйлестіруімен оқу топтарында «Құндылықтарға негізделген тәрбие» жобасы іске қосылып, студенттермен жеке және топтық кездесулер, психологиялық тренингтер өткізілді. Әлеуметтік-психологиялық қолдау жұмыстары, студенттердің мінез-құлқын бақылау және бағалау, ата-аналармен байланыс орнату, оқу орны мен отбасы арасындағы

ынтымақтастықты нығайту – тәрбие жұмысының ажырамас бөлігі ретінде жүзеге асырылды. Сөз соңында Ж.Э.Садыкова бүгінгі тәрбие процесінің жүйелі, жаңашыл және серіктестікке негізделуі қажеттігін атап өтіп, алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстарды жаңа жобалармен толықтырып, жастардың әлеуетін дамытуға бағыттау жоспарланғанын айтты.

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары М.Арынбаев сөз алды. Ол бітіруші түлектердің дипломдық жобаларды (жұмыстарды) қорғауға дайындық барысы туралы және 2025–2026 оқу жылына үміткерлерді қабылдау жоспарының, кәсіби бағдар беру жұмыстарының орындалу жайына тоқталды.

Бітіруші топтарда дипломдық жұмыстармен қамту, ғылыми жетекшілерді бекіту, тақырыптардың өндіріс талаптарына сәйкестігі мен өзектілігін қамтамасыз ету бағытында кешенді жұмыстар жүргізілгені атап өтілді. Қазіргі таңда студенттер дипломдық жобаларын әзірлеуде, практикалық және теориялық бөлімдерді үйлестіру, ғылыми-әдістемелік талаптарға сай рәсімдеу жұмыстары жолға қойылған. Дипломдық жұмыстардың құрылымы мен мазмұнына, орындау тәртібіне, сапасына оқу бөлімдері мен арнайы пән оқытушылары тарапынан бақылау күшейтілген. Сонымен қатар, қорғау кестесі мен комиссия құрамын бекітуге қатысты ұйымдастыру шаралары жүйелі түрде жүзеге асырылып жатқаны айтылды. Сондай-ақ 2025–2026 оқу жылына талапкерлерді қабылдау бойынша жүргізіліп жатқан кәсіби бағдар беру жұмыстарына да тоқталды. Атап айтқанда, мектеп бітірушілермен кездесулер, ата-аналармен кеңестер, ашық есік күндері, шеберлік сабақтары, онлайн таныстырылымдар мен әлеуметтік желілер арқылы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілгені баяндалды. Колледждің мамандықтары мен артықшылықтарын насихаттау, еңбек нарығы талаптарына сай бағыт беру, кәсіби бағдар кабинеттерімен және мектептермен байланыс орнату – басты назарда екені айтылды. Сөз соңында М.Арынбаев бітіруші түлектердің диплом қорғауға толық дайын болуын қамтамасыз ету және талапкерлерді қабылдау науқанын сапалы ұйымдастыру – оқу бөлімінің басты міндеттерінің бірі екенін атап өз сөзін қорытындылады.

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша қабылдау комиссиясының хатшысы Е.Н.Досжанов сөз алды. Ол өз сөзінде 2024–2025 оқу жылында колледж контингентін қалыптастыруда кәсіби бағдар беру жұмыстары шешуші рөл атқарды. Бұл бағытта колледждің қабылдау комиссиясы, мансап орталығы және бөлім меңгерушілері бірлесіп жұмыс атқарды. Жыл бойы жүргізілген кәсіби бағдар беру іс-шаралары нәтижесінде талапкерлер арасында колледжге деген қызығушылық едәуір артты. Әсіресе қаланың №23, №24, №52, №90, №143 және басқа да мектептерімен жүйелі байланыс орнатылып, «Ашық есік» күндері жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

Кәсіби бағдар беру жұмыстары аясында:

12-ден астам жоғары оқу орны өкілдерімен кездесулер өтті (АЛТ университеті, АUES, Кемерово университеті, т.б.);

«ERG күні», «Эйр Астана», «Қазаэронавигация» сияқты ірі кәсіпорын мамандары студенттермен кездесті;

«PROFSTART» оқу лагері аясында мектеп оқушылары колледждегі техникалық мамандықтармен танысты;

Бос жұмыс орындары жәрмеңкелері мен өндірістік экскурсиялар ұйымдастырылды;

Әлеуметтік желілерде кеңінен насихат жұмыстары жүргізілді.

Аталған жұмыстар колледждің жаңа оқу жылына жоспарланған қабылдау контингентін толық қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Бұл көрсеткіш кәсіптік бағдар жұмыстарының нәтижелі жүргізілгенін білдіреді.

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша кітапхана меңгерушісі Ұ.Адасханова сөз алды. Ол өз сөзінде колледж кітапханасының жұмыс барысы мен кітап қорын толықтыру бағытындағы шаралар жөнінде баяндады. Колледж кітапханасы жыл сайын оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар мен көркем әдебиеттер қорын толықтыру мақсатында отандық баспалармен келісім жасап, қажетті әдебиеттерге алдын ала тапсырыс береді және оларды

уактылы қабылдайды. Кітапхана қоры «Альманах», «Атамұра», ИП «Жаматова», «Көкжиек», «Лантер Books», «Фолиант», «Адалкітап», «Мектеп», «ЭСПИ» секілді баспалар арқылы толықтырылады. 2023–2024 оқу жылында колледж кітапханасына 1231 дана кітап алынды, оның ішінде 720 данасы – мемлекеттік тілде. Анығырақ айтқанда: 1048 дана оқулық, 168 дана көркем әдебиет, 15 дана оқу-әдістемелік құрал алынып, қор жаңартылды. 2025 жылға арналған кітап сатып алу ағымдағы жылдың шілде–тамыз айларына жоспарланған. Жоспар бойынша жалпы 435 дана кітап алу көзделуде, оның ішінде 85 дана – мемлекеттік тілдегі әдебиеттер. Сөз соңында кітапхана қорының заман талабына сай жаңартылып отыруы – білім сапасын арттырудың маңызды тетіктерінің бірі екені атап өтілді.

Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. Қазіргі таңдағы тәрбие жұмысының өзекті мәселелері бойынша жүргізіліп жатқан шаралар жалғасын тапсын.
2. Бітіруші түлектердің дипломдық жобаларды қорғауға дайындық жұмыстары және 2025–2026 оқу жылына үміткерлерді қабылдау жоспарына сәйкес кәсіби бағдар беру шаралары жалғасын тапсын.
3. Колледж контингентін қалыптастыру мақсатындағы кәсіби бағдар беру жұмыстары жүйелі жүргізілсін.
4. Оқу әдебиеттерімен қамтамасыз ету бойынша кітапхана қызметі жалғассын. Мемлекеттік тілдегі әдебиеттермен толықтыру жұмыстары назарда ұсталсын.

Педагогикалық кеңеснің төрағасы



А.Искаков

Педагогикалық кеңестің хатшысы

Д.Балабекова